

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FOLO6225>

***Ш. Құрманбайұлы¹, М. Е. Әділов²**

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4587-4452>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9876-4516>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘЛДІК

Әлихан Бөкейханның жан-жақты білімі мен қалам қуатын танытатын бір қыры – аудармашылық шығармашылығы. Сондықтан оның аудармаларын зерттеу әлихантанудың өте маңызды тармағы болып саналады. Ә.Бөкейхан – дәлме-дәл аударуға да, мәтінді ұлт тіліне бейімдеуге де шебер аудармашы. Бірақ бұл мақалада оның дәлме-дәл аудармалары туралы ғана сөз болады. Мақалада көлемі әртүрлі аударма мәтіндерді тұтас қалпында беру мүмкін болмағандықтан, олардан мысал ретінде алынған үзінділердің орысшасы мен қазақшасы салыстырылып талданады. Салыстыра талдау арқылы екі тілдегі мәтіннің мағыналық, мазмұндық, құрылымдық сәйкестіктері мен сәйкессіздіктері анықталады. Түпнұсқадағы ақпарат пен ондағы мәліметтердің аударма мәтнінде бұрмаланбай, дәл көрініс табу дәрежесі айқындалады.

Ә. Бөкейхан аудармаларының дәлме-дәл аударманың басты талаптарына сай екендігін дәлелдейтін түйіндер мен тұжырымдар түпнұсқа мен аударманың бір бөлігін ғана емес, мәтінді тұтастай алып қарау арқылы жасалады. Ал аударма мәтіннің бейімделген бөлігінің түпнұсқаның мазмұны мен құрылымына, тақырыбы мен идеясына, ой желісі мен басты тұжырым-түйіндеріне еш нұқсан келтірмейтіні көрсетіледі. XX ғасыр басындағы аударма үлгілерінің, соның ішінде осы кезеңде аудармамен жүйелі, өнімді түрде айналысқан Әлихан Бөкейхан аудармаларының көркем және ғылыми аудармадағы дәлдікті жаңа сатыға көтергені, оның аудармаларының дәлдік коэффициенті жоғары екені дәлелденді.

Кілтті сөздер: Әлихан Бөкейхан, Қыр баласы, аударма, дәлме-дәл аударма, барабар аударма, дәлдік коэффициенті, еркіндік коэффициенті.

Кіріспе

XX ғасырда Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, Ә. Кекілбайұлы бастаған белгілі қаламгерлер мен Ә. Сатыбалдиев, С. Талжанов, Х. Өзденбаев, Ә. Жұмабаев, Қ. Сағындықов, Ж. Ысмағұлов, Н. Сыдықов, М. Жанғалин, І. Жарылғапов сияқты аударма шеберлері төгілтіп тәржімелеген көркем туындылар қазақ әдебиетін әлем және орыс классиктерінің үздік шығармаларымен байытты. Олар басынан-ақ осы мамандықты таңдады, жазушылықты, аудармашылықты кәсіп етті, бар ғұмырын әдебиетке арнады. Сол жолда тынымсыз іздене жүріп, өз кәсібін терең меңгерді, ізденген саласының шыңына шыға білді. Бұл тұрғыдан қарағанда аудармашы Әлихан Бөкейхан – жолы да жөні де бөлек тұлға. Ол әуел баста техникалық білім алса, одан кейін экономика маманы болды, заңгер мамандығын қоса алды. Өзінің осы шын мәніндегі энциклопедиялық білімін халқына арнап, экономика, саясаттану, ауыл шаруашылығы, әдебиеттану, әлеуметтану, тарих, тіл, статистика, әдістеме сияқты әртүрлі салаға қатысты үлкенді-кішілі көп еңбек жазды. Алаш Орда үкіметіне төрағалық етті, саясатпен айналысты, партия құрды, сайлауға қатысып, мемлекеттік думаға депутат та болды, редактор, журналист болып газет те шығарды. Сан салалы қызмет атқарған, саяси күреске толы ғұмырында алаш білімпазы ғылыми, әдеби шығармашылықтан да қол үзбеді. Ал 1920-жылдардан бастап өмірінің соңына дейінгі кезеңінде бірыңғай шығармашылықпен айналысты. Оның шын беріліп, көп ізденіп, өнімді еңбек еткен саланың бірі – аударма. Ол аударманың ішінде нақты, дәл аударудың негізін қалап, дамытып кетті.

Түпнұсқа мазмұнын семантикалық тұрғыдан дәл әрі толық жеткізетін дәлме-дәл аударма мәтіндер қоры, негізінен, өткен ғасыр басында жасала бастады. Олардың басым көпшілігі орыс тілінен аударылған көркем шығармалар мен оқулық, танымдық әдебиеттер. Ана тілімен қатар орыс тілін, шет тілдерін де жетік меңгерген алаш зиялылары XX ғасыр басында мақсатты түрде аудармамен айналысты. Олар аударған еңбектердің арасында түпнұсқасы ағылшын, француз, неміс тілінде жазылған Еуропаның әйгілі ғалымдары мен әлемдік классика қорына енген аса көрнекті жазушылар мен ақындардың еңбектері де бар. XX ғасыр басында қазақ оқығандарының арасында шет тілдерін де жақсы меңгергендері аз болған жоқ. Алайда олар Еуропа тілдерінен тікелей емес, сол еңбектердің орыс тіліндегі аударма нұсқаларына сүйене отырып, аралық тіл – орысшадан аударғанын айтуға тиіспіз. Әрине, олардың ішінде қажет деп тапқан жерінде түпнұсқа тілге де жүгініп отырғандары, тіпті орыс тіліндегі аударманы үнемі түпнұсқасымен салыстыра отырып аударғандары да болғанын жоққа шығармаймыз. Себебі солай мәлімдеуімізге негіз болатын дерек-дәйектер ұшырасып отырады.

Ал орыс тіліндегі аудармасына жүгінбей тікелей түпнұсқадан аударғанын дәлелдейтін нақты деректеріміз әзірге қолымызда жоқ.

XX ғасыр басында еңбек еткен қазақ оқығандары өз мамандықтарымен қатар аудармашылық кәсіпті де қоса меңгерді. Бұл қадамға олар саналы, мақсатты түрде барды. Себебі сол кезеңде қазақ тіліндегі кітаптар, көркем, ғылыми, оқулық әдебиеттер қоры әлі жасалмаған, түрлі пәндерді, ғылымды игеруге қажетті әдебиеттер тапшы еді. Осы олқылықтың орнын толтыруды қазақ оқығандары өз міндетіне алды. Сол міндеттерін орындау үшін олар әлем әдебиетінің үздік шығармаларын қазақ тілінде сөйлетіп, әлем мәдениетінің озық туындыларын ұлт игілігіне айналдырып, ұлттық кітап қорын қалыптастыру үшін көркем туындылар мен пән оқулықтарын аудару ісіне жұмыла кірісті. Осы іс барысында олар түрлі мәтіндерді аударуға машықтану арқылы аударманың қыр-сырын меңгеріп, аудармадағы дәлдікке қол жеткізе білді. Сондықтан қазіргі дәлме-дәл аударма деп жүрген аударма түрінің, осылай аудару әдісінің қазақ топырағында орнығып, жетіліп, кең тарауына алғаш кең жол ашып, осы іске зор үлес қосып, аударматанудың жеке сала ретінде дамуының бастауында тұрған да осы қазақ оқығандары болды.

Әлихан Бөкейхан аудармаларындағы мәтіннің кейбір қазақ танымына бейімделіп аударылған тұстарын, жекелеген сөйлемдер мен сөз тіркестерін мысалға ала отырып, ол «еркін аударған», «дәлме-дәл аудармаған» деп оның аудармаларына біржақты баға беруге болмайды. Өйткені ондай тұжырымның өзі дәл емес. Шындап келгенде, орыс тілінен қазақ тіліне дәлме-дәл аударудың нағыз алғашқы үлгілерін XX ғасыр басындағы аудармалардан табамыз. Сол санаулы ғана аудармалардың ең басында, ең алғашқыларының қатарында Ә. Бөкейхан аудармалары да тұр. Сол себептен де аударматану тарихында Ә. Бөкейханның алатын орны айрықша. Ол – аудармашылықты және дәлме-дәл аударуды өте жақсы меңгерген қалам иесі. Оған «Қыр баласы» аудармаларын түпнұсқамен салыстыру арқылы анық көз жеткізуге болады. Аудармашы орыс тілінен қазақ тіліне аударғандықтан, біз оның тәржіме еңбектерінің орыс және қазақ тіліндегі мәтіндерін басынан аяғына дейін салыстырып көрдік.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша аударма саласының арнайы әдебиеттерін теориялық талдау, практикалық материалдарды саралау, аударма еңбектерді түйіндеп қорыту, екі тілді аудармалар мен XX ғасыр басындағы тәржіме авторларының еңбектерін салыстыру, автор шығармаларындағы өзіндік стиліне тән қолданыстарды жинақтау, топтастыру жұмыстары жасалды. Мақала жазылғанда сипаттау, салыстыра талдау, тілдік деректерді сұрыптау, топтау, түйіндеу әдістері де пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелуі

XX ғасыр басындағы тілдік ерекшеліктер мен алаш қайраткерлері тілі мәселесі 1980 жылдардың аяғынан бастап қолға алына бастады. XX ғасырдың бас кезінен бастап 1930-шы жылдарға дейінгі аралықтағы қазақ тіл білімінің, тілдің стильдік тармақтарының дамуы мен қалыптасуына байланысты осы кезеңді арнайы зерттеген Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, С. Исаев, Ө. Айтбаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов сияқты ғалымдардың еңбектерінен мол мәлімет алуға болады. Әсіресе, тақырыбымызға тікелей қатысты XX ғасыр басындағы тіл мәселесіне арналған еңбектердің ішінде С. Исаевтың «Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы» атты еңбегінде сол дәуірде Ө. Бөкейхан бастаған алаш қайраткерлерінің еңбегі сіңген баспа бетін көрген газеттердегі тілдік ерекшеліктер қарастырылған [1, 17-б.]. Б. Әбілқасымовтардың зерттеулері бұдан ілгері, яғни XIX ғасыр ортасындағы кезеңдегі баспасөздің тіліне [2, 3-б.] және әдеби тілдің тарихына [3, 5-б.] қатысты болса, Е. Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі» атты монографиясында 1910–1930 жылдардағы Кеңес идеологиясына сәйкес келетін прозалық шығармалардың тілін талдаған [4, 267-б.]. Бұл зерттеулерде алаш қайраткерлерінің тілі жеке-жеке әлі қарастырылмаған. Бергі кезеңдегі ғалымдардың арасынан Б. Момынова «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика» және «Газет лексикасы» деп аталатын кітаптарда «Қазақ» газеті сөздік қорының қайнаркөздері, оның ішінде алаш қайраткерлерінің мақалалары да қамтылған [5, 21-б.]. Б. Әбілқасымовтың редакторлығымен шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» атты жинақта сол кезеңге байланысты зерттеулер берілген [6, 342-б.]. XX ғасыр басындағы қайраткерлер шығармаларының тілі, кезеңнің тілдік сипатын Ш. Мажитаева зерттеп, арнайы монография шығарған [7, 192-б.]. О. Жұбаева құрастырған «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақ сол кезеңдегі тілдік зерттеулерге бағытталған [8, 664-б.].

Осыларды ескерер болсақ, сөз болып отырған кезеңді зерттеу тілші-ғалымдар назарынан тыс қалды дей алмаймыз. Алаш зиялылары белсенді қызмет еткен жылдарға сәйкес келетін XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясы дамуының өзіндік ерекшеліктері мол осы кезеңді терминтанушылық тұрғыдан да қарастырылды. Лингвист ғалым Ш. Құрманбайұлы терминология дамуының осы кезеңінің негізгі сипатын ашып, алаш оқығандарының терминжасам тәжірибесі мен ұстанған қағидаттарына ғылыми-лингвистикалық талдау жасап, алаш білімпаздарының терминологиялық көзқарастарын анықтап көрсетті [9, 201-б.]. Ғалым өз зерттеулерін соңғы уақыттарда Әлихан Бөкейхан тіліне арнап, мақалалары алаш көсемінің тілдік ерекшеліктеріне бағытталған. Тіл маманының «Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы»,

«Әлихан Бөкейхан аудармаларының этномәдени ерекшеліктері», «Әлихан Бөкейхан және кітап сыны» [10, 125-б.] атты жаңа мақалалары соның көрінісі.

Қазіргі кезде де алаш білімпаздарының тілі теориялық-лингвистикалық тұрғыдан зерттеліп, мақалалар мен баяндамалар жазылып келеді. Терминдік, грамматикалық, поэтикалық, фонологиялық, синтаксистік жағынан О. Жұбаева, Ш. Біләлов, Ш. Мәжітаева және т.б. секілді белгілі лингвист ғалымдар зерттеп келеді. Б. Момынова, Б. Шалабай, Л. Дүйсембекова, С. Сапина, Ж. Рапишеваның кейбір зерттеулері осы кезеңдегі кейбір жанрлардың тілдік сипатымен байланысты. Сондай-ақ осы кезеңде жарық көрген басылымдардың, қаламгерлердің тілі, сөз қолданысы, аудармалары және тағы басқа тілдік сипаттарына байланысты да бірнеше кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды. Солардың ішінде К. Мұқышева, Б. Ибраева, А. Ақынбекова, Қ. Әубәкірова, Ж. Еркемова деген зерттеушілер бар. Жекелеген қаламгерлердің тілдік ерекшеліктері жөніндегі еңбектердің ішінде М. Жүсіповтің «Фонемография А. Байтұрсынұлының сингармонизма» атты зерттеуі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі фонологиялық құбылыстар дәлелді талданып, әліпбидегі фонетикалық ұсыныстардың уәжділігі дәлелденген [11, 175-б.].

Нәтижелер және талқылау

Ә. Бөкейхан аудармаларының елеулі бөлігі – көркем шығармалар, сондықтан оның көркем аудармаларынан бірнеше нақты мысал келтірген жөн. Мәселен, Қыр баласының В. Г. Короленкодан аударған «Жұмбақ қыз» (Чудная) шығармасы түпнұсқасында былай басталады:

- *Скоро ли станция, ямицик?*

- *Не скоро еще, – до метели вряд ли доехать, – вишь, закуржавело как, сивера идет.*

- *Да, видно, до метели не доехать. К вечеру становится все холоднее.*

Ал оның Қыр баласы аударған қазақша нұсқасы мынадай:

- *Атиы, бекет жақын ба?*

- *Жақын қайда? Боранға соқтықпай жетпейміз. Бұрқырап, жынданып та кетті, көресің бе?*

- *Ия, бораннан бұрын жетпейміз. Көрініп тұр. Күн де кешке таман суытып барады [12, 318-б.].*

Басталғанынан-ақ аудармашының түпнұсқадан ауытқымай дәлме-дәл аударуды көздегенін көруге болады. Одан ары да солай жалғасады. Түпнұсқадан ауытқымаған, қазақшасы да жап-жатық. Шығарманың соңғы жақ бөлігінен алынған үзінді аудармасынан да басындағыдай дәлдік көрінеді. Түпнұсқадағы: *«Взял и я шапку, да и сам вышел, – слышал только, как старуха в зале с хозяйкой все болтают, и так мне этой старухи страшно стало, так страшно, что и выразить невозможно. Побрел я прямо по*

дороге, – после уж Иванов меня догнал с телегой, я и сел» деген сөйлемдер қазақшаға былай аударылған: *«Мен бөркімді ала-мала тысқа шықтым. Кемпірім қатынмен бөлмеде әңгімені әлі де соғып жатыр. Сондағы кемпірді мүсіркеп қорыққанымды сөзбен айтып болмайды. Жолға түсіп жаяу кете бердім, Ибан атпен қуып жетіп арбаға мінгізіп алды [12, 332-б.]»*

Аудармашы түпнұсқадағы әңгіме желісін, мәтін мағынасын сақтай отырып өте дәл аударарды. Кейіпкердің ішкі толқынысы мен қобалжыған көңілі де қазақ оқырманына сол қалпында, әсерлі жеткізіледі. Шығарманы оқып отырғанда оның аударма екені ұмытылып, төл туындыдай қабылданады. Мұндай туындының артында білімі мен тәжірибесі, қабілеті мен дарыны, ізденісі мен шеберлігі бір-біріне ұласып, өзара қабысып жатқан қалам иесінің тұрғанын аңғармау мүмкін емес. Қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген, тілді сезіну қабілеті жоғары, қос тілдің табиғатын да тани алған шығармашыл тұлға ғана тәржіме тәрізді тым нәзік әрі машақаты мол өнердің иірімдеріне бойлай алса керек.

Қыр баласының В. Короленкодан аударған әңгімесінің бірі – «Мақардың түсі» (Сон Макара). Осы шығармада мынадай жолдар бар:

«Но поп Иван тронул его за рукав.

– Войдем, – сказал он. – Мы пришли.

Тогда Макар увидел, что они стоят у большой двери, которую раньше скрывали туманы».

Ему очень не хотелось идти, но – делать нечего – он повиновался».

Қыр баласының аудармасы:

«Молла Иуан Мақардың қолына түртіп қалып:

– Біз келдік, кірелік, – деді.

Мақар қараса, алдында зор есік тұр. Бұрын бұл есікті тұман жауып көрсетпеген екен.

Мақардың кіргісі келмеді. Бірақ, амал не, көнді» [13, 233-б.]»

Шығарма мазмұны мен формасына еш нұқсан келтірмейтін кейбір ұсақ, елеусіз детальдарды есепке алып, тым қазбалап, мұны еркін аударма деп танығысы келген біреу болмаса, шығарманың осы бөлігі де сол қалпында дәлме-дәл аударылған. Түпнұсқаның мазмұны, формасы бәрі сақталып тұр. Аудармашы «тронул за рукав» дегенді – «қолына түртіп қалып», «попты» – «молла» деп, ал «Иванды» қазақ айтылымына иекемдеп «Иуан» деп алады. Бұларды түпнұсқадан ауытқу деуге келмейді. Осындағы «рукав» деген сөзді «жең» деп, ал тұтас тіркесті «жеңінен тартып» немесе «жеңіне түртіп» деп аудару қажет еді десек, онымыз әріпқойлық, сөзбе-сөз аударуды талап еткендік болар еді. Қайта аудармашының «қолына түртіп қалып» дегені логикалық тұрғыдан көңілге көбірек қонады, қисындырақ көрінеді.

Іштей жеті бөлікке бөлінген бұл шығарманың әр бөлігі: «Бұл түсті көрген есте аузына ас тимейтін, тастаған таяқ басына тиетін сорлы Мақар» (*Этот сон видел бедный Макар, который загнал своих телят в далекие, угрюмые страны, – тот самый Макар, на которого, как известно, валятся все шишки*) деп басталатын бірінші сөйлемінен бастап, «Таразы теңселіп, тақтай аспанға шығып көтеріліп жөнелді...» (*А весы все колыхались, и деревянная чашка подымалась все выше и выше!..*) деген ең соңғы сөйлеміне дейін дәл әрі өте шебер аударылған.

Басынан аяғына дейін дәл аударылғандығымен ерекшеленетін шығарманың бірі Л. Н. Толстойдың «Кавказский пленник» (Кавказ тұтқыны) әңгімесі. Түпнұсқасында әңгіме былай басталады:

«Служил на Кавказе офицером один барин. Звали его Жилин. Пришло раз ему письмо из дома. Пишет ему старуха мать: «Стара я уж стала, и хочется перед смертью повидать любимого сына. Приезжай со мной проститься, похороны, а там и с богом, поезжай опять на службу. А я тебе и невесту приискала: и умная, и хорошая, и имянье есть. Полюбитя тебе, может и женишья и совсем останешья».

Жилин и раздумался: «И в самом деле: плоха уж старуха стала; может, и не придется увидеть. Поехать; а если невеста хороша – и жениться можно».

Пошел он к полковнику, выправил отпуск, простился с товарищами, поставил своим солдатам четыре ведра водки на прощанье и собрался ехать».

Ал Қыр баласы бұл абзацтарды «Кавказ тұтқынында» былайша аударады:

«Жилин деген төре солдат бастығы болып, Кавказда қызмет қылды. Бір күні үйінен хат алды. «Мен кәртайдым, өлерімде шырағымды бір көріп өлсем дедім. Үйге қайт, мені өз қолыңнан көм, құдай жолыңнан жарлықасын, сонан соң қызметіңе қайт. Мен мұнда саған бір қалыңдық таптым: өзі есті, өзінің жері бар, бай. Кім біледі, сүйсең аларсың, қатын алсаң, үйде мүлде қаларсың», - деп кемпір шешесі Жилинге жазды.

Жилин ойға қалды. Шын, шешем қартайды. Кім біледі, көрмеспін де. Үйге барайын, қалыңдық жақсы болса, алмайтын несі бар деп Жилин ойлады.

Кеңсеге барып, үйіне қайтуға қағаз алып, жолдастарымен амандасып, солдаттарына төрт шелек арақ сыйлап, жолға даярланды».

Өте дәлме-дәл аударылған. Әр сөйлемі өз орнында тұр. Олардың түпнұсқадағы мағынасы да сақталған. «Пошел он к полковнику» дегендегі «полковник» шені оқырманның бәріне таныс, түсінікті болмауы мүмкін, соны ескере «кеңсеге барып» деп аударады. Баринді – *төре*, офицерді – *солдат бастығы* деп, жекелеген сөздерді де қалың оқырманға түсінікті етіп

аударған. Аудармашының «Кім біледі сүйсең аларсың, қатын алсаң, үйде мүлде қаларсың» деген сөйлемі түпнұсқаға толық сәйкес келуімен бірге, ұйқасқа құрылған өлең жолдарындай төгіліп тұр. Нағыз көркем шығармаға тән, кестелі сөз өрнегі. Мұндай сөйлемнің қазақ жанына жағып, көңіліне қонары хақ.

Өңгіменің орта тұсынан тағы бір мысал:

«Прожил так Жилин месяц. Днем ходит по аулу или рукодельничает, а как ночь придет, затихнет в ауле, так он у себя в сарае копает. Трудно было копать от камней, да он подпилком камни тер и прокопал он под стеной дыру, что впору пролезть. «Только бы, – думает, – мне место хорошенько узнать, в какую сторону идти. Да не сказывают никто татары».

Вот он выбрал время, как хозяин уехал; пошел после обеда за аул на гору, – хотел оттуда место посмотреть. А когда хозяин уезжал, он приказал малому за Жилиным ходить, с глаз его не спускать. Бежит малый за Жилиным, кричит: – Не ходи! Отец не велел. Сейчас народ позову!

Стал его Жилин уговаривать.

– Я, – говорит, – далеко не уйду, – только на ту гору поднимусь: мне траву нужно найти – ваш народ лечит. Пойдем со мной; я с колодкой не убегу. А тебе завтра лук сделаю и стрелы».

Түпнұсқадағы бұл жолдардың аудармасы мынадай:

«Жилин тағы бір ай тұрды. Күндіз ауылды қыдырады, іс қылады. Түнде ауыл жатқан соң сарайға келіп жер қазады. Тасты қазу қиын болды, тасты егеумен егеу. Сарайдың қабырғасының астынан кісі сиятын тесік қазып алды. «Енді қай жаққа қашатынымды білсем... бірақ татарлар түк айтпайды» деп Жилин ойлайды.

Бір күні бай үйде жоқта түстен кейін (төстен тайып) жер болжайын деп тауға барды. Жилинді көзден таса қылма деп, бай кетерде баласына тапсырып кеткен. Баласы айғайлап, Жилинге жүгіріп келді: «Қайт! Әкем айтты. Қазір жұртты шақырам!» – деді бала.

Жилин баланы арбады:

– Мен алысқа бармаймын ана таудың басына ғана шығайын: Мен дәрі шөп іздеп жүрмін. Өздеріңді емдейім, жүр менімен; мен бұғаумен қашып құтылмайым. Ертең саған садақ, оқ істеп берем, - деді».

Түпнұсқадан алынған үзінді мен оның аудармасын салыстырсақ, мағынасында да сөйлемдер құрылысында да еш айырмашылық жоқ. Мұнан да аудармадағы дәлдіктің айқын үлгісін көруге болады. Түпнұсқада: «мне траву нужно найти» деп тұр. Автор «лечебная трава» демеген, ал аудармашы «дәрі шөп» деп өте сәтті аударған.

Түпнұсқада «Кавказский пленник» былай аяқталады:

«Рассказал Жилин, как с ним всё дело было и говорит:

– Вот я и домой съездил, женился! Нет, уж, видно, не судьба моя. И остался служить на Кавказе. А Костылина только еще через месяц выкупили за пять тысяч. Еле живого привезли.

Қыр баласы «Кавказ тұтқыны» әңгімесінің осы соңғы жолдарын былай аударды:

«Көрген-білгенін Жилин баян қылып:

Үйге барып қатын алдым! Бұл маған жоқ шығар! - деді.

Қызмет қылып, Жилин Кавказда қалды. Бір айда бес мың сом беріп Костилинді сатып алды. Құр шыбын жаны ғана азар келді» [14, 171–186-бб].

Едәуір көлемді әңгіменің басынан, орта тұсы мен соңынан мысал ретінде алынған осы үш үзіндіде ғана емес, әңгіменің тұтас мәтінінде дәл осындай дәлдік бар. Әңгіменің тілі өте жатық та шұрайлы. Қыр баласының әлемге әйгілі аса көрнекті қаламгер Л. Толстой мұрасына да, өз халқының тілі мен мәдениетіне де ерекше құрметпен қарағаны көрініп тұр.

Ә. Бөкейхан аударған көркем шығармалардың көпшілігі тұтастай, ал кейбір шығармалар мәтінінің негізгі басым бөлігі осылай дәлме-дәл аударылған. Олардың қатарына кейбір бейімделген тұстары болғанына қарамастан оның Г. Мопассаннан аударған «Симонның әкесі» (Папа Симона), «Жарасын алдырған ана» (Старуха Соваж) шығармаларын да қосуға болады. Оларда да осындай дәлдік бар. Н. А. Маркстен аударған «Ескі Қырымның сөздері» (Легенды Крыма) жинағындағы аңыздарда да түпнұсқадан аса бір ауытқушылық, шектен тыс еркіндік байқалмайды. Қашан да шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті, құрылымы, мазмұны мен ой-желісі сақталып отырады. Қыр баласының аталған аудармаларын орысша нұсқасымен бастан-аяқ, сөзбе-сөз салыстырып талдау арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Ә. Бөкейхан аудармаларының арасындағы Г. Мопассаннан аударған «Ақсақ кемпір» (Храмуля), «Күзетте» (У смертного одра) сияқты еркіндік коэффициенті ең жоғары деген шығармалардың өзінде стильдік бейімдеу болғанымен, мағына дәлдігіне көп нұқсан келтірмей шығарма мазмұнын барынша сақтай, барынша жеткізуге көп мән беріледі.

Қыр баласы аударған ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқулық әдебиеттерде де дәлдік бар. К. Фламарионның «Общедоступная астрономия» атты еңбегін аудармашы «Астрономия әліп-биі» деп аударды. К.Фламарионның «Астрономия әліпбиі» көпшілікке арналған ғылым-танымдық әдебиет саналады. Оның француз тіліндегі 7-ші басылымын орыс тіліне В.Черкасов аударған. Орыс тіліндегі басылым 1922 жылы жарық көрсе, Қыр баласының қазақ тіліндегі аудармасы 1924 жылы Мәскеуде басылып шықты. Ә. Бөкейхан осы орыс тіліндегі В. Черкасов аудармасын негізге алған. Француз ғалымының бұл еңбегі 20 тараудан тұрады. Аудармашы осы кітаптың құрылымын толық сақтай отырып, жиырма тарауды да аударды.

Тараулар атаулары былай аударылады: Жер дөңгелек (Земля кругла), Аспан кеңістігіндегі жер (Земля в пространстве), Жер өзінен-өзі шыр айналады (Земля обращается вокруг своей оси), Күн мен түн (День и ночь), Қазықтан айналған аттай, жер күннен айналады (Земля кружится около Солнца), Ыстық-суық, қыс-жаз (Климаты и времена года), Жердің үйектері және шенберлері (Земные пояса и круги), Күн (Солнце), Ай (Луна), Айда не бар? (Лунный мир), Көлеңкелену (Затмения), Күн қотанының құрылысы (Общий взгляд на устройство солнечной системы), Орта бойлы планеттер (Планеты средней величины), Үлкен планеттер (Большие планеты), Кометалар (Кометы), Жұлдыз жауын (Падающие звезды), Жұлдызды аспан (Звездное небо), Ұялы жұлдыздар (Созвездия), Жұлдыздар (Звезды), Календар (Календарь).

Аудармашы бірқатар астрономия терминдерін қазақшаға аударарды. Мысалы: *ыстық-суық, қыс-жаз, үйек, көлеңкелену, күн қотаны, ұялы жұлдыздар*. Одан бергі бір ғасыр уақыттағы терминологияның даму барысында бұл терминдер тілде *климат, жыл мезгілдері, белдеу, тұтылу, шоқжұлдыз, күн жүйесі* түрінде орнықты. Бұлай болуы – ғылым тілінің дамуы барысында болатын табиғи үрдіс. Ал кітаптың осы тарауларының ішкі тақырыпшалары да сол түпнұсқадағы берілу реті мен мазмұнын сақтай отырып аударылады. Бұл аудару кезінде түпнұсқаның құрылымы, негізгі мазмұны өзгертілмегенін көрсетеді. Тек кітап құрылымы ғана сақталып қоймай, мәтін мазмұнының да дәл жеткізілгенін түпнұсқа мен аударма мәтінін салыстыру арқылы көруге болады. Мәселен, осы еңбектің орыс тіліндегі аудармасының VI тарауындағы:

«Но день ведь это такое время года, когда земля и воздух нагреваются от теплоты солнечных лучей, а ночью они охлаждаются. Когда наступает пора долгих дней, наша страна дольше нагревается Солнцем, а охлаждается в течение меньшего срока времени, и потому с каждым днем все более нагревается», - деген сөйлемдер қазақшаға былай аударылады:

«Біз бәріміз білеміз: күндіз Күннің сәулесімен Жер жылынады, қызады. Түнде суиды. Күн ұзарғанда біздің жүрген жерміз күнмен жылынады, түнде суығанмен, қысқа түн күндізгі ыстықтың бәрін жоғалта алмайды: күннен күнге ыстықтық өсе береді» [12, 377-б.].

Аудармашы орысша мәтінде жоқ «Біз бәріміз білеміз» деген кіріспе сөйлемді өз жанынан қосқаны болмаса, мәтін дәл аударылған. Сондай-ақ аудармашы «наша страна» деген тіркесті «біздің еліміз» демей, «біздің жүрген жеріміз» деп аударарды. Қыр баласы мұны саналы түрде өзгерткен деп ойлаймыз. Біздіңше, оның қолданысы қисындырақ. Өйткені күн ұзарғанда тек біздің елімізде ғана емес, өзге іргелес, көршілес, бір белдеуде жатқан елдердің бәрінің де жері жылынады, қызады.

Кітаптың «Күн» деп аталатын VIII тарауының алғашқы сөйлемдері орысшасында былай басталады:

«В ясный день свет Солнца настолько ослепителен, что невозможно смотреть на него; но иногда, при туманном небе или еще лучше, когда перед своим закатом Солнце как бы погружается в вечерние испарения земли, сияние его настолько ослабевает, что его можно без опасения рассматривать и тогда оно имеет вид огненного круга, почему и называется солнечным диском (кружком)».

Қазақшасы:

«Ашық Күн кісіні қаратпайды. Күннің бетін бұлт алғанда, Күн батып бара жатқанда жарық сәулесі Жерге ауа дымқылына шомылып нашарлайды, сонда Күнге тура қарауға болады. Күн қып-қызыл от, дөңгелек болып көрінеді» [12, 385-б.].

Қазіргі аудармаларда көбінесе орысшадан аударылған мәтіндердің қазақшасы орысшасына қарағанда көлемділеу, ұзақтау болады. Оның аударған мәтіндерінің қазақшасы көп жағдайда орысшасынан қысқарақ болып келеді. Ол негізгі ойды қысқа да айқын жеткізгенді дұрыс көреді. Осы үзіндінің аудармасынан да соны байқауға болады.

Кейде қазақ оқырманына түсінікті болу үшін аудармашы түпнұсқаны өз ой-пайымдарымен толықтырады, мәтінді этнотілдік тұрғыдан бейімдейді, өз мысалдарын қосады немесе түпнұсқадағы мысалдарды алмастырып, олардың орнына басқа мысалдар береді. Мысалдар қазақ танымына жақын болуына көп мән беретіні аудармашының барлық еңбектерінен анық байқалады. К. Фламарион кітабының біз үзінді алып отырған осы бетінде: *«Жалғыз шынашақты көздің алдына әкелсек, шынашақ дүниені жабады. Алысқа қарасақ: тау, дала, орман, ел, қоралы қой, үйірлі жылқы көрінеді, жақында шынашақ басқан көзге бәрі сияды. Бұл неден? Ұзаған сайын алыстағы кішірейе береді, жақындаған сайын жақын үлкейе береді»* деген сөйлемдер бар. Бұл – күннің айдан әлденеше есе үлкен екенін ұқтыру үшін берілген мысал мен түсініктеме. Түпнұсқада бұл жолдар мүлде жоқ. Аудармашы өзі қосқан. Егер екі тілдегі мәтінді салыстырып қарар болсақ, Ө. Бөкейхан қосқан мысалдардың қазақ ұғымына жақын, етене таныс, ал түсіндірмесінің соншалықты ұтымды, қисынды, көңілге қонымды екенін көру қиынға соқпайды. Ол ешқашан сөзді көбейтіп, түпнұсқаға бекерден бекер өзгеріс енгізбейді. Қажеттілікті көріп, көзі жетіп тұрған жағдайда ғана соған барады.

Мәтіннің осы үзіндісіндегі түпнұсқада жоқ *қоралы қой* мен *үйірлі жылқыны* мысалға келтіру арқылы аудармашы кітапты қазаққа бейімдеп, қабылдауына жақындата түскен. Аудармашы түпнұсқа мәтінін дәл аударатырып, кейде ондағы мысалдарды ғана өзгертеді. Оны мына төмендегі мысалдан көре аламыз. Кітаптың орысшасында мынадай мысал беріледі:

«Например, лежащая перед нами книга представляется вам известных размеров; но если бы она была только в ста шагах от вас, то показалась бы вам маленьким белым пятном, а на расстоянии версты вы совсем не могли бы и разглядеть ее». Ал кітаптың қазақшасында ол мысалдар былай алмастырылған: *«Міне, қолымызда бөрік тұр, жүз қадам жерге апарып қояйық, кішкене бөрік болады; үш жүз қадам апарып қойсақ, тақия болады. Тағы онан әрі апарып қойсақ, тезектей ғана болып көрінеді»* [12, 385-б.].

Бұл мысалда да аудармашы түпнұсқадағы «книга», «пятно» сөздерін көшпелі халық тұрмысына тән, оларға әбден таныс «бөрік», «тақия», «тезек» ұғымдарымен алмастырады. Келесі үзіндіні де осы типтегі мысалдар қатарына қосуға болады: *«Первые четыре планеты нашей солнечной семьи весьма сходны между собой, т.е., другими словами, Меркурий, Венера и Марс во многом похожи на Землю на которой мы обитаем»* деген кітаптың XIII бөліміндегі осы сөйлемдерді Ә. Бөкейхан былай аударды: *«Күннің осы төрт баласы біріне-бірі ала қозыдай ұқсайды. Меркурий, Шолпан, Марс біздің Жердің жиеніндей. Бойлары іркес-тіркес, үлкендігі құрдастай»* [15, 425-б.].

Осы аудармадағы *ала қозыдай, Жердің жиеніндей, үлкендігі құрдастай* деген түпнұсқада кездеспейтін қазақы тіркестерді де автор өзі қосқан. Ә. Бөкейхан аудармасын оқыған адам оны қазақтың төл туындысындай қабылдары сөзсіз. Өйткені бұл сөйлемдер, ондағы ұлттық ұғымдар мен қазақы теңеулер, баяндау стилі бұл шығарманы басқаша қабылдауға мүмкіндік бермейді. Бірақ аударма мәтіндегі мұндай бейімдеулер түпнұсқаға түбегейлі өзгеріс енгізіп, оның мазмұны мен ой желісін, ондағы негізгі ғылыми тұжырымдар мен автор пайымын бұрмаламайды. Бұл – өзіне бейтаныс, түсініксіз, жат ұғымдарын өзге мәдениет өкілінің жатырқамай жеңіл, жақсы қабылдауын, кітаптың оны пайдаланатын негізгі аудиториясына барынша ұғынықты болуын көздеуден туған екі мәдениет арасында алтын көпір қызметін атқарып отырған аудармашының шығармашылық ізденісі мен ой еркіндігінің нәтижесі. Аудармашы түпнұсқаны қазақ оқырманына, оның мәдениеті мен тіліне қажетіне қарай және бастапқы мәтіннің негізгі мазмұнына нұқсан келтірмейтіндей мөлшерде ғана бейімдеген. Таразы басын тең ұстап, екі мәдениеттің және генеалогиялық, типологиялық, аймақтық тұрғыдан өзіндік айырмашылықтары бар екі тілдің ерекшеліктерін ескергендіктен, аудармашы осы жолды таңдаған.

Мұндай аударма үлгілері түпнұсқаның мазмұндық-құрылымдық тұтастығына нұқсан келтірмей барынша дәл әрі аударылған тілдің табиғатына сай, өзге этномәдени қауымдастық сұранысын да өтеп, ол жатсынбай қабылдай алатындай етіп аударуға болатынын іс жүзінде көрсетіп тұр. Түпнұсқа тілдегі ақпаратты еш өзгертпей аударылып отырған тілге сол

қалпында жеткізу – дәлме-дәл аударманың басты міндеті. Мұнда мазмұн, форма, стиль бәрі сақталуға тиіс. Аудармашы бұл міндетті жақсы біледі әрі оны барынша орындауды көздейді. Алайда дәлме-дәл аудармада мәтін аударылған тілдің оқырманына, адресаттың қабылдауына бейімделмейді. Қайта түпнұсқаның пәндік-логикалық мазмұнын барынша сақтай отырып, аударылған тілдің жанрлық-стильдік қалпынан, стильдік және тілдік нормаларынан ауытқуға рұқсат етілді.

Міне, дәл осы талапқа келген кезде аудармашыда мүдде қайшылығы пайда болады, өйткені ол өзі қызмет етіп отырған елді, сол елдің тілін, мәдениеті мен наным-сенімін құрметтеп сақтау және сол тіл иесінің сұранысын қанағаттандыратын өнім ұсыну қажет деп санайды. Ә. Бөкейхан қандай аударма жасаса да, түпнұсқаны мағыналық-формалық тұрғыдан барынша дәл жеткізуді мақсат ете отырып, адресатты ойлайды. Ал оның адресаты – қазақ қауымы. Бейімделген аударма мен барабар (адекватты) аударма талабы бойынша адресаттың әлеуеті, талап-тілегі мен қабылдау мүмкіндігіне қарай мәтінді өңдеуге, оған өзгеріс енгізуге болады. Осы талап қазақ жұртының қамын жеп, оның мәдениеті мен тілінің таза сақталуын көздеп өткен ұлт зиялысының мүддесіне сай келеді. Тек осы себеппен ғана ол бір шығарманы басынан аяғына дейін дәлме-дәл аударманың бар талабын бұлжытпай орындап отырмай, ішінара мәтіннің кейбір жеріндегі өзге мәдениет пен өзге тілге тән ерекшеліктерді өз ұлтының танымы мен тілінің табиғатына икемдеуге мүмкіндік беретін аударма түрін таңдап, бейімдеп аударуға барады.

Тұтастай алғанда Ә. Бөкейхан аудармалары қазіргі дәлме-дәл аударма талаптарының ең бастыларына жауап береді. Ал ХХ ғасыр басында аударма деңгейі тұрғысынан қарағанда оның аудармаларын ең дәл аударылған еңбектер қатарына қосуға болады. Оның қай аудармасын алсақ та шығарманың түпнұсқадағы негізгі мазмұны мен құрылымына, сюжетіне, тақырыбы мен идеясына нұқсан келтіріп, қиянат жасамайды. Тек түпнұсқа мәтіннің жекелеген бөлігін адресат мүддесін ескере отырып, тілдік-мәдени және прагматикалық тұрғыдан ғана бейімдейді. Оны жоғарыдағы мысалдардан анық көруімізге болады. Ал шығарманың стилі мен автордың жеке стилін сақтау дегенге келсек, бұл – өте күрделі де нәзік мәселе. Бұл дәлме-дәл аударма талаптарының бірі ретінде көрсетілгенімен, оның мінсіз орындалуы – қиынның қиыны. Тіпті аударматану ғылымы көп жетілді деген қазіргі заманғы аудармалардың өзінде осы талап барлық өлшемі бойынша сақталады деп айта алмаймыз. Ал аударманың алғашқы нұсқаларынан стиль дәлдігін іздеу уақытынан бұрын қойылған орынсыз талап болар еді, сондықтан бұл тұрғыдан Қыр баласының аудармаларына мін тағудың реті жоқ. Керісінше, сонау ХХ ғасыр басында-ақ аудармада оның соншалықты дәлдіке қол жеткізе

білуі – үлкен шеберлік. Бұл тұрғыда зерделеп қараған зерттеушілерге оның білімінің теңдігі мен тәржімешілік тәжірибесіне тәнті болатын, тәлім алатын тұстары, өте ұтымды қолданыстары мол екеніне еш күмән келтіре алмаймыз. Бұл мәселеде тек оның қай кезеңде аудармашылықпен айналысқанын және ұлт мәдениеті, ғылымы мен әдебиеті қандай дәрежеде болғанын, оған біздің қай уақыттың мінберінен қарап тұрғанымызды ұмытуға болмайды.

Дәлме-дәл аударманың бір ғасыр дамып-жетілген қазіргі уақыттағы талаптары әлі қалыптаса қоймағанын, аудармашы артында одан осыншалықты дәлдікті сұрайтын талғампаз ортаның, кінәмшіл тілдік қауымдастықтың, аударма сапасын анықтайтын талапшыл кәсіби мамандардың тұрмағанына қарамастан, XX ғасыр басында-ақ тап осындай дәл аудару үлгісін көрсету нағыз біліктілік, аудармашылықтағы үлкен жетістік және асқан жауапкершілік болып есептеледі. Тіпті, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да солай көрінеді. Ал тәржіме тәжірибесінің, аударматанудың сол кездегі, жүз жыл бұрынғы жай-күйін, орыс тілінен жаппай аударудың жаңадан қолға алына бастаған шақтағы деңгейін ескере отырып пайымдасақ, мұны кемінде қазақ аудармасының тың серпіні, жаңа белесі, зор табысы деп тану қажет деп білеміз. Біз Ә. Бөкейханды немесе XX ғасыр басындағы алаш оқығандарының мұрасын, тәржімешілік тәжірибесін әсіре дәріптеп, көтермелей бағалауды мақсат етпейміз. Сондықтан мұның халықтың негізгі бөлігін сол кезеңдегі білімі мен мәдениетінің орташа деңгейін, аударматану мен аударма ісінің жай-күйін ескере отырып жасалған пайым екенін айтуымыз керек.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «АР23487260 – Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Әлихан Бөкейхан аудармаларына дәлдік тән. Ол бірқатар шығармаларды тұтастай дәлме-дәл аударды. Ал жекелеген еңбектерді қазақ оқырманына этномәдени, тілдік тұрғыдан бейімдеп аударды. Ондай еңбектердің де мәтіні түгелдей бейімделіп немесе еркін аударылмаған, жекелеген бөліктері қазақ оқырманына бейімделеді де, кейбір мысалдары алмастырылады. Мысалдарды алмастыру көбінесе ғылыми танымдық, оқулық әдебиеттерде жиірек ұшырасады. Көбінесе шығарманың қалған негізгі бөлігі дәл аударылады. Қазір шығарма стилі мен автордың жеке стилін мейлінше дәл беру көркем аударманың ең бір өзекті, негізгі мәселелерінің бірі саналады. Ал өткен ғасыр басында бұл мәселе бүгінгідей алдыңғы қатарға шығып, дәлме-дәл аударманың басты талаптарының бірі ретінде мүлтіксіз орындалуы қатаң сұрала қоймап еді. Сондықтан XX ғасыр басындағы алғашқы аударма үлгілеріне бұл талапты қазіргі күн тұрғысынан

біз де қоя алмаймыз. Дегенмен шығарма стилі мен автордың баяндау стилінің сақталуы тұрғысында Қыр баласында еркіндік коэффициентінің деңгейі біршама жоғарылау болғанына қарамастан, сөйлем құрылысы мен мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізу жағынан қарағанда мұнда да дәлдік бар.

Аудармадағы дәлдік біріншіден, әртүрлі тілдердегі ақпараттың сәйкестігімен, одан соң түпнұсқадағы ойдың толық және ондағы барлық мәліметтердің дұрыс жеткізілуінен көрінеді. Дәлдік өлшемі аударманың мақсатына, аударылатын мәтін мен сол мәтінді оқитын оқырманның сипатына қарай өзгереді [16, 5-6.].

Қыр баласы аудармалары дәл осы талаптарға сай келеді. Ол түпнұсқа мәтінді дәлме-дәл аударып келе жатып, оған қандай да өзгеріс енгізсе, ондағы негізгі мақсаты – аударманы оқырманға барынша түсінікті ету. Оның мәтіннің кейбір жерін қазақ оқырманына бейімдеуі тек осы мақсатынан туындайды. Алайда аудармашы ешқашан түпнұсқадағы ақпараттардың сәйкес келмеуіне, мәліметтердің дұрыс берілмеуіне жол бермейді. Бұл тұрғыдан оның аудармалары өте дәл жасалады. Түпнұсқадағы бірліктердің аударма мәтінде көрініс табуының үлесіне қарап аударманың дәлдігін, ал аудармада түпнұсқадағы бірліктердің болмауына қарай оның еркіндік деңгейі анықталады. Сондай-ақ аударманың дәлдік және еркіндік коэффициентін анықтауға бағытталған аударматану саласындағы талдаулар синтаксис деңгейде дәлдіктің лексикалық деңгейдегіден жоғары болатынын растайды. Қыр баласы аудармаларын орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырғанда мәтіннің жалпы көлемі мен шығарманың тұтас құрылымы, мәтінді құрап тұрған абзацтар мен сөйлемдер, олардың құрылымы сақталып отырады. Ә. Бөкейхан аудармаларында да синтаксистік деңгейдегі дәлдік жоғары. Ал лексика деңгейіндегі дәлдік пен образдық деңгейдегі дәлдік одан гөрі сәл төмендеу түсіп жататын тұстар бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Оның негізгі себебі, аудармашы өз тарапынан бейімдеу кезінде қазақтың ғана тұрмыс-тіршілігіне тән этномәдени лексиканы пайдаланады. Мәселен, астрономия ғылымын түсіндіру кезінде К. Фламарион кітабының аудармасында кездесетін *алаш*, *алтыбақан*, *ақсүйек*, *асық*, *бөрік*, *құмалақ*, *уық*, *кереге*, *табалдырық*, *ұршық*, *киіз үй*, *белдеу*, *шалма*, *шылбыр*, *ноқта*, *бәйге*, *ауыл*, *қотан*, *қазық*, *көкпар* тәрізді атаулар солардың қатарына жатады. Бұл атаулар түпнұсқада жоқ, болуы да мүмкін емес. Қыр баласының аудармасында қолданылған *үйірлі жылқы*, *қоралы қой*, *ала қой*, *сүндет ат*, *көш ат*, *байлаулы бұзау*, *арқандаулы ат*, *жіп тағу*, *үріккен қойдай*, *қазығынан айналған аттай*, *көкпардағы лақтай*, *адасқан құлындай*, *ат сатып алатын кісідей*, *көштегі түйедей*, *кебеже сүйегіндей*, *қоңыр салқын қымыздай*, *тіреген бақандай*, *қойдан момын*, *жер аңшы*, *ай тазы* сияқты теңеулер мен бейнелі тіркестер түпнұсқа мен оның қазақшасының

образдық ерекшеліктерін, аударманың еркіндік коэффициентін көрсетеді. Бұлардың қатарына аудармадағы «Би жоқта құл жүреді жораға, ит жоқта шошқа үреді қораға», «Ат аунаған жерде түк қалады», «Қысқа жіп күрмеуге келмейді» секілді мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер де кіреді. Осындай бейімдеулер мен стильдік ерекшеліктердің болғанына қарамастан, Ө. Бөкейхан аудармаларында дәлдік басым.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ы. Алтынсарин орыс тілінен мейлінше еркін аударған болса, А. Құнанбайұлында да дәл аудармалардан гөрі, еркін аудармалар басым. Ал XX ғасыр басындағы аудармалар ол кезең аудармаларымен салыстырғанда мейлінше дәл, түпнұсқаға барынша сәйкестігімен ерекшеленеді. Сондай дәлме-дәл аударма үлгілерінің қатарына Ө. Бөкейхан аудармалары да жатады. Нақтырақ айтқанда, сол кезеңдегі еңбектерді орыс тілінен аударылған шығармаларды дәл аударылуы тұрғысынан сараптағанда Қыр баласы аудармалары солардың ең озықтарының санатына еніп тұр. Сол себепті аударма тарихы, соның ішінде дәлме-дәл аударудың бастаулары мен оның дамып, жетілуі туралы сөз қозғанада Ө. Бөкейханға соқпай өтуге болмайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Исаев, С.** Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы [Текст]. – Алматы : Ғылым. – 1988. – 159 б.

2 **Әбілқасымов, Б.** Алғашқы қазақ газеттерінің тілі [Текст]. – Алматы. – 1971. – 227 б.

3 **Әбілқасымов, Б.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі [Текст]. – Алматы. – 1982. – 223 б.

4 **Жанпейісов, Е.** Қазақ прозасының тілі [Текст]. – Алматы : Ғылым. – 1968. – 267 б.

5 **Момынова, Б.** «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика [Текст]. – Алматы : Арыс. – 1998. – 168 б.

6 **Әбілқасымов, Б.** XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі [Текст]. – Астана : Елорда. – 2000. – 342 б.

7 **Мажитаева, Ш.** XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі [Текст]. – Алматы : Ғылым. – 1999. – 192 б.

8 **Жұбаева, О.** XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст]. – Алматы : Қазығұрт. – 2013. – 664 б.

9 **Құрманбайұлы, Ш.** Алаш және терминтану [Текст]. – Алматы : Ел-шежіре. – 2008. – 240 б.

10 **Құрманбайұлы, Ш.** Әлихан Бөкейхан аудармаларының этномәдени ерекшеліктері [Текст] // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – № 2. – Б. 122–137.

11. **Джусупов, М.** Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингармонизма [Текст]. – Ташкент : Узбекистон, 1995. – 176 с.
- 12 **Бөкейхан, А.** Бөкейхан Әлихан шығармалары, 10-том [Текст]. – Астана : Сарыарқа. – 2016. – 551 б.
- 13 **Бөкейхан, А.** Бөкейхан Әлихан шығармалары, 11-том [Текст]. – Астана : Сарыарқа. – 2016. – 570 б.
- 14 **Бөкейхан, А.** Бөкейхан Әлихан шығармалары, 12-том [Текст]. – Астана : Сарыарқа. – 2016. – 568 б.
- 15 **Бөкейхан, А.** Бөкейхан Әлихан шығармалары, 13-том [Текст]. – Астана : Сарыарқа. – 2016. – 608 б.
- 16 **Нелюбин, Л.** Толковый переводческий словарь [Текст]. – Москва : Наука. – 2003. – 320 с.
- 17 **Kurmanbaiuly, Sh., Adilov, M.** Linguistic Features between Turkic Languages in the Works of Abay Yunus emre and Ahmad al-Yasawi, [Текст] // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – 2023. – № 105. – P. 313–333.

References

- 1 **Isayev, S.** Kazaktyn merzimdi baspasoz tilinin damuy [Development of the Kazakh periodical language] [Text] – Almaty : Gylym, 1988. – 159 p.
- 2 **Abilkasymov, B.** Algashky Kazak gazetterinin tili [Language of the first Kazakh newspapers] [Text] – Almaty, 1971. – 227 p.
- 3 **Abilkasymov, B.** XIX gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy Kazak adebi tili. [Kazakh literary language in the second half of the XIX century] [Text]. – Almaty, 1982. – 223 p.
- 4 **Zhanpeisov, E.** Kazak prozasynyn tili [The language of Kazakh prose] [Text] – Almaty : Gylym, 1968. – 267 p.
- 5 **Момынова, В.** Kazak gazetindegi kogamdyk sayasi leksika [Socio-political vocabulary in the newspaper Kazakh] [Text] – Almaty : Arys, 1998. – 168 p.
- 6 **Abilkasymov, B.** XX gasyrdagy Kazak adebi tili [Kazakh literary language of the XX century] [Text]. – Astana : Elorda, 2000. – 342 p.
- 7 **Mazhitaeva, S.** XX gasyrdyn birinshi zhartysyndagy Kazak adebi tili [Kazakh literary language in the first half of the twentieth century] [Text] – Almaty : Gylym, 1999. – 192 p.
- 8 **Zhubaieva, O.** XX gasyr basyndagy Kazak tili zhonindegi zertteuler. [Research on the Kazakh language at the beginning of the XX century] [Text] – Almaty : Kazygurt, 2013. – 664 p.
- 9 **Kurmanbaiuly, Sh.** Alash zhane termintanu [Alash and term studies] [Text] – Almaty : El-shezhire, 2008. – 240 p.

10 **Kurmanbaiuly, Sh.** Alikhan Bokeikhan audarmalarynyn etnomadeni erekshelikleri [Ethnocultural features of Bokeikhan translations] [Text]. *Turkic Studies Journal*. – 2023. – № 2. – P. 122–137.

11 **Zhusupov, M. Fonemografiya A.** Baitursynova i fonologia singarmonizma [A. Baitursynov's phonemography and phonology of synharmonism] [Text] Tashkent : Uzbekiston, 1995. – 176 p.

12 **Bokeikhan, A.** Bokeikhan Alikhan shygarmalary, 10-tom [Works by Alikhan Bokeikhanov V. 10] [Text] – Astana : Saryarka, 2016. – 551 p.

13 **Bokeikhan, A.** Bokeikhan Alikhan shygarmalary, 11-tom [Works by Alikhan Bokeikhanov V. 11] [Text] – Astana : Saryarka, 2016. – 570 p.

14 **Bokeikhan, A.** Bokeikhan Alikhan shygarmalary, 12-tom [Works by Alikhan Bokeikhanov V. 12] [Text] – Astana : Saryarka, 2016. – 568 p.

15 **Bokeikhan, A.** Bokeikhan Alikhan shygarmalary, 13-tom [Works by Alikhan Bokeikhanov V. 13] [Text] – Astana : Saryarka, 2016. – 608 p.

16 **Nelyubin, L. L.** Tolkovyi perevodcheskiy slovar' [Explanatory translation dictionary] [Text]. – Moskva : Nauka, 2003. – 320 p.

17. **Kurmanbaiuly, Sh., Adilov, M.** Linguistic Features between Turkic Languages in the Works of Abay Yunus Emre and Ahmad al-Yasawi, [Text]. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*. – 2023. – № 105. – P. 313–333.

04.08.23 ж. баспаға түсті.

04.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ш. Курманбайұлы¹, М. Е. Адилов²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 04.08.23.

Поступило с исправлениями 04.04.24.

Принято в печать 26.08.24.

ТОЧНОСТЬ В ПЕРЕВОДАХ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА

Одним из аспектов Алихана Бокейхана, демонстрирующего всесторонние знания и силу пера, является переводческое творчество. Поэтому изучение его переводов считается очень важной ветвью алихантану. А. Бокейхан – опытный переводчик как в точном переводе, так и в адаптации текста к национальному языку. Но в этой статье речь пойдет в основном только о его точных переводах.

В статье сравниваются русские и казахские версии переводов. Путем сравнительного анализа выявляются смысловые, содержательные, структурные соответствия и несоответствия текста на двух языках. Определяется степень точного отражения информации в оригинале и содержащихся в ней сведений в тексте перевода без искажений.

Выводы, подтверждающие соответствие переводов Бокейхана основным требованиям точного перевода, делаются путем взятия текста в целом, а не только части оригинала и перевода. А перевод показывает, что адаптированная часть текста никоим образом не ущемляет содержание и структуру оригинала, тему и идею, мысль и основные выводы. Доказано, что образцы переводов начала XX века, в том числе переводы Алихана Бокейхана, систематически и продуктивно занимавшегося переводом в этот период, повысили точность художественного и научного перевода на новую ступень, коэффициент точности его переводов высок.

Ключевые слова: Алихан Бокейхан, сын степей, перевод, точный перевод, адаптированный перевод, коэффициент точности, коэффициент вольности.

*Sh. Kurmanbaiuly¹, M. E. Adilov²

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 04.08.23.

Received in revised form 04.04.24.

Accepted for publication 26.08.24.

ACCURACY IN TRANSLATIONS BY ALIKHAN BOKEIKHAN

One of the aspects of Alikhan Bokeikhan, demonstrating comprehensive knowledge and the power of the pen, is translation creativity. Therefore, the study of his translations is considered a very important branch of alikhantanu. A. Bokeikhan is an experienced translator both in accurate translation and in adapting the text to the national language. But in this article we will focus mainly only on his exact translations. The article compares Russian and Kazakh versions of translations. By means of comparative analysis, semantic, substantive, structural correspondences and inconsistencies of the text in two languages are revealed. The degree of accurate reflection of the information in the original and the information contained therein in the translation text without distortion is determined.

Conclusions and conclusions confirming the compliance of Bokeikhan's translations with the basic requirements of accurate translation are made by taking the text as a whole, and not just parts of the original and translation. And the translation shows that the adapted part of the text in no way infringes on the content and structure of the original, the theme and idea, the thought and the main conclusions. It is proved that the samples of translations of the early twentieth century, including the translations of Alikhan Bokeikhan, who systematically and productively engaged in translation during this period, increased the accuracy of artistic and scientific translation to a new level, the accuracy coefficient of his translations is high.

Keywords: Alikhan Bukeikhan, son of the steppes, translation, accurate translation, adapted translation, accuracy coefficient, freedom coefficient.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz